

# Қазақ хандығына 550 жыл

Орындаған:  
Ы.Алтынсарин атындағы негізгі мектепбінің

Тәрбие ісінің ұйымдастырушы  
Шарип Сапарбек



1465

2015



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ



ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ 550 ЖЫЛ

# Қазақ хандығының тұсында ел басқарған хандар

**1465-1473 ж.ж. Керей хан. Болат сұлтанның баласы**

**1473-1480 ж.ж. Жәнібек хан. Барақ ханның баласы**

**1480-1511ж.ж. Бұрындық хан. Керей ханның баласы**

**1511-1518 ж.ж. Қасым хан. Өз Жәнібектің ұлы**

**1518-1523 ж.ж. Мамаш хан. Қасымның баласы**

**1523-1532 ж.ж. Тақыр хан. Қасымның немере інісі**

**1533-1534 ж.ж. Бұдаш хан. Тақырдың інісі**

**1534-1535 ж.ж. Қожа Мақмұт хан**

**1535-1537 ж.ж. Хан атағы болған сұлтандар: Тоғым хан, Ахмет хан, Хақназар, Наурыз.**

**1538-1580 ж.ж. Хақназар хан. Қасым ханның баласы**

**1580-1582 ж.ж. Шығай хан, (80 жаста отырды) Жәнібектің немере інісі**

**1582-1598 ж.ж. Тәуекел хан. Шығайдың баласы**

**1598-1628 ж.ж. Есім хан. Тәуекел ханның інісі**

**1613-1627 ж.ж. Тұрсын хан**



**1628-1652 ж.ж. Жәңгір хан. Есім ханның баласы**  
**1680-1715 ж.ж. Әз-Тәуке хан. Салқам Жәңгір баласы**  
**1718-1729 ж.ж. Батыр хан**  
**1726-1730 ж.ж. Болат хан. Тәукенің баласы**  
**1720-1740 ж.ж. Ұлы жүзді Жолбарыс хан басқарды**  
**1718-1748 ж.ж. Кіші жүзге Әбілхайыр хан болды**  
**1748-1786 ж.ж. Нұралы кіші жүзге хан болды**  
**1791-1794 ж.ж. Ералы Кіші жүзге хан болды**  
**1795-1797 ж.ж. Есім Кіші жүзге хан болды**  
**1797-1805 ж.ж. Айшуақ Кіші жүзге хан болды**  
**1805-1824 ж.ж. Шерғазы Кіші жүзге соңғы хан болды**  
**1716-1719 ж.ж. Қайып хан Орта жүзге хан болды**  
**1719-1734 ж.ж. Сәмеке хан Орта жүзді биледі**  
**1734-1771 ж.ж. Әбілмәмбет Орта жүзді биледі**  
**1771-1781 ж.ж. Үш жүздің ханы Абылай билігі**  
**1781-1819 ж.ж. Орта жүз соңғы ханы Уали билігі**  
**1815-1817 ж.ж. Бекей хан. Орта жүздің соңғы ханы**  
**1841-1847 ж.ж. Кенесары қазақтың соңғы ханы. Абылай ханның  
немересі.**



# Қазақ хандығының басқару жүйесі

- 1. **Ауыл** -қазақ халқының ең бірінші қоғамдық ұйымы. Ол туыстас, қандас жақын адамдардан немесе бірнеше отбасыдан құралады.
- 2. **Ата аймақ**- жеті атадан қосылатын бірнеше ауылдан құралады. Ата аймақты ақсақал басқарады.
- 3. **Ру** негізінен он немесе он бес аймақтан құралатын болған. Руды **рубасы** басқарады. Рубасы көпті көрген, мол тәжірибелі, өте білікті, білгір адам болған.
- 4. **Арыс** бірнеше рудан құралады. Осы бірнеше рудан құралған арысты басқаратын адам **би** деп аталады. Бидің әділ билігін қауым мүшелері жоғары бағалады. Сондықтан “Тура биде тұған жоқ” деген сөз халық арасында кең тарады.
- 5. **Ұлыс** бірнеше арыстан құралады. Ұлыстың билеушісі **сұлтан** болады. Сұлтандар әдетте хандар мен ақсүйектердің әулетінен шыққандар болады. Сұлтандар ханды сайлауға қатынасатын, ханмен тікелей қарым-қатынас жасай алатын.
- 6. **Жүз** бірнеше ұлыстан құралады. Қазақ жүздері XV-XVI ғасырларда тайпа одағы негізінде қалыптасты. Әр жүз өзінің ханын сайлайтын. Жүздің билеушісін **хан** деп атаған.
- 7. **Хандық** үш жүзден құралады. Хандықтың ең үлкен әміршісі **қаған** (ұлы хан, яғни хандардың ханы) болды.



# Керей мен Жәнібек

Ұлы көш

1465-66 жылдары Керей мен Жәнібек бастаған ұлы көшпенділер ілегі өзін “ҚАЗАҚПЫЗ” деп атап, Өзбек ханнан бөлініп, Жетісудың бойына тұңғыш “Қазақ Хандығын” жария етеді. Керей мен Жәнібек құрған хандық 1847 жылы ең соңғы ханы Кенесары хан өлгенге дейін 4 ғасыр бойы өмір сүрді. Яғни, алғашқы қазақ хандары құрған мемлекет басқару жүйесі өте берік болды, соның арқасында үлкен аумақты басқарды.



# Бұрындық хан 1480-1511

- Керей ханнан кейін хан тағы оның ұлы Бұрындық ханның үлесіне тиген еді. Бастапқы кезде Қасым сұлтан әкесінің жолын қуып, барлық істе Бұрындық хан болып тұрса да, хандықты билеу Қасым қолында болды. Ақырында Бұрындық пен Қасым арасында билік үшін шинелескен күрес Қасым сұлтанның жеңісімен аяқталды. Бұрындық хан жеңіліс тауып елден кетті.



# Қасым хан 1445-1518

*“Қасым хан бүкіл қазақ халқын біріктіру арқылы үлкен әскери күшке ие болды.*

*Қарауындағы халықтың бақытына орай, ол өзінің бейбітшіліксүйгіш саясатымен халықтың махаббатына бөленді. Осы бейбітшілік сүйгіштігімен Қасым хан халықтар арасында ерекше әйгілі болды”.*

*Әлихан Бөкейхан*





# Тақыр хан 1523-1553

- Өзара талас тартыстың барысында Қасым ханның ұлы және мұрагері Мамаш қаза тапты да Қасым ханның немере інісі Тақыр (1523-1553) хан тағына отырды. Тақыр тұсында өзбектермен арадағы соғыс қайта жалғасты. Бұларға Қазақ хандығының бұрынғы одақтасы болған маңғырттар мен монғол хандары қосылып кетті. Тақыр бұл біріккен жауларға қарсы күресу үшін Ташкенттің әміршісінен көмек сұрады. Бірақ Қазақ хандығының күшеюінен қауіптенген Ташкенттің әміршісі көмекке келмеді. Өзбек билеушісі Мұхаммед шабуыл жасап, Иасы қаласының түбіндегі шайқаста Тақыр ханның әскерің жеңді. Тақыр ханның сыртқы саясаттағы әрекетінің сәтсіздігі оның беделдігін түсірді. 1533 (кейбір деректерде 1532) жылы оның қазақ халқының барлық жерінде билігі жүрмеді.



# Бұйдаш хан 1533-1534

- Тақыр ханның інісі. Бұйдаштың тысында да Қазақ хандығындағы билеуші топтардың арасында талас-тарпыстар, өзара қысқысулар тоқталған жоқ. Өзбек ханы Убайдаллах монғолдың ханы Абдар Рашидпен соғыс одағын құрды. Булар Жетісудағы қазақтарға қарсы арнайы жорық жасады. Кескілескен қатты шайқаста Бұйдаш ханның әскері жеңіліп қалды. Бұйдаш хан қашып құтылды.



# Хақназар хан 1538-1580

- Қасым ханнан кейінгі талас тартыстың салдарынан әлсіреп қалған хөандықты қайтадан нығайтып, біріктіруге Қасым ханның баласы Хақназар бар күшін жұмсады.
- Хақназар хан мен Абдаллах хан ант беріскен шарт жасасты. Бұл елшілік қадам соғыс қақтығыстарын уақытша тоқтатты. Қазақ хандығына ішкі жағдайына қолайлы әсер етті. Орта Азия халқымен бейбіт сауда орнады.
- Баба сұлтан Хақназардың екі баласын өлтірді, өп ұзамай 1580 жылы тыңшы ретінде жіберілген адам Хақназар ханды да өлтірді.



# Шығай хан 1580-1582

- Хақназар өлген соң хан тағына мұрагер ретінде жасы 80-ге келген Шығай отырды. Шығай өзінің баласы Тәуекелмен бірге Баба сұлтанға қарсы күресінде өзбек ханы Абдаллах қолдап отырды. 1582 жылы Абдаллах хан Баба сұлтанға қарсы жорыққа шығады, бұл жорыққа өз әскерімен Шағай хан мен Тәуекел де қатысты. 1582 жылы жазында Тәуекел Иасы қаласының маңында Баба сұлтанның басымен қоса сұлтанның баласын және әмірлерін Абдаллахқа апарып берді. Бұған разы болған өзбек ханы Тәуекелге Самарқан өңіріндегі жерлерді сыйға берді.



# Тәуекел хан 1582-1598

- Шығай қайтыс болған соң хан тағына баласы Тәуекел отырды. Ол 1583 жылы өзбек ханымен жасақан шартты бұзады да, 1586 жылы Сауран, Түркістан, Отырар, Сайрам қалаларын басып алып, Ташкентке қауіп төндірді. Бірақ қаланы ала алмады. 1597-1598 жылдың қасында Абдаллах хан мен оның баласының арасындағы қайшылықты тиімді пайдаланған Тәуекел хан соғысқа дерн кезінде шығып, Ташкент қаласының түбінде Абдаллах ханның әскерін ойсырата жеңді. Бұл жеңіс Қазақ хандығының беделін және күш-қуатын артыра түсті.



# Есім хан 1598-1628

- Тәуекел хан қайтыс болған соң, інісі Есім хан мұрагерлік жолмен ресми түрде хан тағына отырды. Еңсегей бойлы Ер Есім хан тағына лайықты тәжірибелі қолбасшы, білікті саясатшы тұлға. Қазақ хан тағына отырған соң Есім хан Бұхар ханымен бітім шартын жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығының әскери күш-қуатын арттыруға айрықша көңіл бөліп, сұлтандар мен төрелерге еркіндік, билік берді.
- Есім хан Түркістан қаласын өзінің астанасы етсе, Тұрсын хан өзің тәуелсіз хан жария етіп, Ташкент қаласын астана жасады. Бірте –бірте Қазақ хандығында хандардың дара билігі көрініс тапты. 1627 жылы екі ханның арасындағы дұшпандық Тұрсын хан Есім ханның қолынан қаза табумен аяқталады. Көп ұзамай Есім хан да қайтыс болады.



# Тұрсын хан 1613-1627

- Тұрсын сұлтан – Жалым сұлтанның ұлы. 1598 жылы хан сайлауында Есімнің жолы үлкен болғандықтан, Тұрсынның таққа таласатын қисыны болмады. Тұрсын сұлтан Өзбек хандығына қарсы күресте қазақ әскерінлерін бастап, әлденеше рет үлкен жеңістерге жетеді, беделі артырады. Көп ұзамай Тұрсын сұлтан 1613 жылы өзін хан, Ташкент қаласының билеушісі деп жариялайды. Өз атынан ақша шығарады. Тұрсын хан Есім ханмен екі рет бітімге келіп, екі рет серттен тайған.
- Қазақ пен қазақ арасындағы жан түйшігерлік мейрімсіздіз ұрыс өрттей лаулайды. Бар әскерінен айырылған Тұрсын хан қамалға тығылыды. Бағы тайған ханның нөкерлері Тұрсын ханды тұтқындап, Есім ханға тапсырды. Есім хан бүлікші бауырының басын алды.



# Жәңгір хан 1628-1652

- Есім ханның өз кіндігінен туған Жәңгір 1629 жылы хан тағына отырды. Халық оны ел үшін еңіреп туған ерлігіне бола «Салқам Жәңгір» деп атаған. Таққа отырмай тұрып-ақ оның ғажайып ерлігі, жалпақ қазақ арасы былай тұрсын, көрші елдерге аңыз болып тараған. Бұл орайда, Жәңгір ханның 1643 жылы 600 жанкешті сарбаздарымен жоғарлардың 50 мың әскеріне қарсы тұрып, жеңіске жетті.
- Жәңгір өлгенде оның балалары Тәуке мен Апақ жастау болатын. Содан да болар Қазақ хандығын тізгіні Жәңгірмен мүрделес сұлтандардың қолында болды.





# Тәуке хан 1680-1715

- Қазақ хандығының хан тағына Жәңгірдің баласы Тәуке отырды. Тәуке хан өз билігін билер сияқты әлеуметтік тіректің көмегі арқылы нығайтуға ұмтылды. Билердің қолдауына сүйенген хан билікке бағынбаған ақсүйектер тобына қарсы батыл күрес жүргізді.
- Тәуке хан өкіметін нығайтып, «Жеті жарғы» деп аталатын заң жинағын жарыққа шығарды.
- Тәуке хан тұсында Қазақ хандығы көркейе бастады.



# Болат хан 1718-1726

- Тәуке хан дүние салған соң Болат хан таққа отырды. Болат Тәуке ханның бел баласы еді. Болат ханның тұсында орталық хандық билік әлсіреп, әр жүздің өз ханы дербес билікті жақтаған жаман дәстүрбелең алды. Болат ханның билік құрып тұрған кезінде Жоңғар хандығы өзінің ең жойқын шабуылын жүзеге асырып, қазақ халқы атақты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» ұрынды. Бұл қазақ халқының басына қасірет бұлтын үйірген, ең жойқын қырғынға ұшыратқан, елді ата жұртынан бездірген сұрапыл кезең болғын еді.



Жоңғарлардың баса-көктеп жасаған шабуылы қазақ халқының үштен екісін қырып жіберді. Жоңғарлардың 1723 жылы ірі жеңісінен кейін Қазақ хандығының оңтүстік-шығыс өңірі жаудың иелігінде қалды. Орта Жүз бен Кіші Жүздің көшпелі өміріндегі арақатынасы үзілмегенімен, өз алдарына бөлек-бөлек хан көтеріп алды. Әз-Жәнібектен туатын Жәдік сұлтанның ұрпағы Тәуке болғанда, сол Тәукенің бір баласы **Сәмке** еді.

Міне, осы **Сәмеке** (1726-1734) Орта жүзге хан болып, Ордабасын Түркістанда ұстады. Қазақ жауынгерлердің басын құрап, жоңғарлардың шабуылына қарсылық көрсете жүріп, сыртқы саясатта Ресейге арқа сүйеуге ден қойды.

Сәмекеден кейін Орта жүзге Болаттың баласы Әбілмәмбет (1734-1771) сайланды. Тарих сахнасына Абылай ( Әбілмәнсұр) шыққанға дейін, Әбілмәмбет айта қаларлықтай тегеуірінді қимылдармен көзге түсе алмады. Бұл кезде Әскен (Әжі) сұлтанның баласы **Әбілхайыр** (1731-1748) Кіші жүзге хан болып, Ресей патшалығының қоластына қарау жөнінде ант (1731) қабылдап үлгерген. Рас, ол кезде қазақ алқының тарихи тағдыры қыл үстінде тұрғаны ақиқат.



# Абылай хан 1711-1781

- Абылай (Әбілмансұр) хан — (1733—1737) билік құрған. Қазақ Ордасының ханы, қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері, арғы тегі Жошы хан, бергі бабалары қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы, Рахметтің досы. Жәңгір ханның Уәлибақы, Тәуке деген екі ұлы болады. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда Уәлибақы хандыққа өкпелеп, Үргенішті билеген нағашы атасы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болып, қанішер Абылай атаныпты.

